



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты халықаралық ғылыми конференциясы
Алматы, Қазақстан, 4-6 сәуір 2024 жыл

Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, Казахстан, 4-6 апреля 2024 года

International Scientific Conference of Students and
Young Scientists
“FARABI ALEMI»
Almaty, Kazakhstan, April 4-6, 2024

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ЮРИДИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERCITY
FACULTY OF LAW

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАР жинағы
2024 жыл 4-6 сәуір

Сборник материалов
Международный конференций студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Қазақстан, 4-6 апреля 2024 года

Collection
Of the International Conference of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMİ»
Almaty, Kazakhstan, 4-6 april 2024

Алматы
«Қазақ университеті»
2024

басқарудың қалыптасуы мен дамуына кедергі болады.

Корпоративтік басқару- бір адам барлық функцияларды бірдей орындай алуының өте күрделі үдерісі болып табылады. Әрбір рөл арнайы стильді талап етеді.

Корпоративтік басқару қызметкерлері рөлдерді ойнау жанжалды болып табылады. Сондықтан бір адам осының барлығын бір уақытта орындай алмайды.

Қазақстандағы корпоративтік басқару қазіргі сәтте ең осал болып келеді. Бұл жекеменшік және қадағалау құрылымдарының ашық болмауынан байқалады.

Құрылымдардың бұлыңғырлығы акционерлер мен әлеуетті инвесторларға бақылау механизміне дұрыс түсінікте болмауы Қазақстандық жобаларға қатысу мүмкіндіктерін арттырады.

Десе де, компаниялардың әртүлі топтары арасындағы билік үшін күрес кезеңі өткен жоқ. Қазақстандағы корпоративтік басқару қағидаттарын нығайтуда әлсіздіктер кедергі жасайды. Осы саладағы реформа елімізде жақсы корпоративтік басқарудың қағидаттарын бекіту үшін басымдылық болып табылады.

Бұл сондай-ақ халықаралық стандартқа сәйкес қаржылық және өзге есеппен ере жүруі тиіс. Зерттеулер көрсеткеніндей, көптеген корпорациялар шын мәнінде акционерлерге тиесілі емес, компаниялар заңды және құқықтық комбинациясы арқылы бақылайтын топтар мен жеке тұлғаларға тиесілі.

Иелердің тізілімдері жоқ, өйткені нақты иелерін анықтау қиын. Өтпелі экономикасы бар көптеген корпорациялық елдерге тән басқару және бақылауда акционерлерді сәйкестендіру болды.

Себебі, өз капиталын бақылаудан жоғалту қорқынышы, сондай-ақ қаржы ағындарын бақылауды жоғалтуға кейбір корпорация дайын емес болды. Сондықтан, Қазақстандық көптеген кәсіпорындардың бас директоры жүйе тетіктерін сақтайды, ал басқару жүйесі автолитарлық болып табылады. Нәтижесінде, адам ресурстарының құралдары мен еңбек объектілерінің жиынтығы ретінде келісілген корпорацияның тұтастығы жоғалтылады.

Өтпелі елдер экономикасы сияқты Қазақстан үшін де қазіргі уақытта қалыптасу сатысындағы корпоративтік басқарудың аралық моделін сипаттайды.

Қазақстанның ірі холдингтері мен корпорациялар жүйесі АҚШ және неміс модельдерімен көп ортақтары бар. Бірақ англо-америкалық корпоративтік басқарудың моделі ең көп қолданылады. Отандық модельдерді қалыптастыруда корпоративтік басқарудың мынадай факторлары әсер етеді:

- корпорацияның акцияларының меншік құрылымы;
- инвестициялық жинақ тетігі ретіндегі қаржы жүйесінің ерекшелігі (қаржылық шарттар тарату, қаржы нарықтарының жай-күйі, қаржы институттарының түрлері, банктердің рөлі);
- корпорацияны қаржыландыру коэффициенті;
- елдегі макроэкономикалық саясат;
- саясат жүйесі;
- құқықтық жүйенің тарихи дамуы және қазіргі заманғы ерекшеліктері;
- дәстүрлі ұлттық идеология;
- мемлекеттің дәстүрлі және экономикалық араласу дәрежесі және құқықтық жүйенің реттеу рөлі;
- ағымдағы бизнес тәжірибе.

Корпоративтік басқару шекарасын анықтауда қазақстандық компанияның корпоративтік басқару функцияларының бөлімі үш деңгейлі басқару иерархиясында қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Корпоративті басқару: қазақстандық мазмұн» Оқу құралы. С.А. Филиннің жалпы редакциясымен – Алматы, 2010ж
2. «Корпоративное управление: учебное пособие» Тепман Л.Н. 2012
3. Нарық жағдайындағы кәсіпорындардағы корпоративті басқаруды жетілдіру.

Қуандық Хорлан

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы **Рысқалиев Д.У.**

ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАНЫҢ БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ, ОСЫ САЛАДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білімнің қадірі мен қажеттілігін дәріптейтін мақал-мәтелдер, накыл сөздер мен өлең жырлардың

көптігі халқымыздың санасының жаңалыққа жақын, көзі ашық әрі көкірегі ояу адам баласын тәрбиелеп шығаруға асыққанының белгісі деп білемін. Шоқан Уәлиханов өз сөзінде «...для нормального роста народа, на какой бы степени развития он ни стоял, необходимо: саморазвитие, самозащитение, самоуправление и самосуд...»- деп айтқан екен. [1] Азаттыққа жетіп, барлық институттарды құрдық, енді өзімізді өркендету үшін білім сапасын ойлайтын уақыт жетті. Ол үшін білім беру жүйесінің оңтайлы құрылу жолдары, берілетін білімнің сапасы, педагогтардың кәсіби деңгейі, білім берудің әдіс-тәсілдері сынды көптеген мәселелерді өз деңгейінде ұтымды және кешенді шеше білуіміз қажет.

Қазақстан Республикасының (әрі қарай- ҚР) Ұлттық статистика бюросының ресми сайтындағы дерекке сүйенсек 2023 жылдың 1 қаңтарында елімізде халық саны 19 766 807 адам болса, оның 6 738 017-сі балалар екендігі есепке алынған (35%). Сол жылы қараша айында 20-шы миллион адамның дүниеге келгенін ескерсек, жақын болашақта бала саны көрсеткішінің тек артатынын болжай аламыз. [2]

Қазіргі таңда елімізде 7,7 мың орта білім беру ордасы бар. Мектептер саны жыл санап артуда, алайда урбанизацияның және де демографияның өсуі себебінен еліміздің аймақтық ерекшеліктеріне байланысты 50-ге жетпес оқушы бар шағын кешенді мектептер мен 3 ауысымы бар орта мектептер де өз жұмысын әлі де болса жалғастыруда. Көптеген демограф сарапшылардың пікірінше тек Қазақстан мен Израильдегі балалардың туу көрсеткіштерінің жоғарылауы байқалады. [3] Сондықтан келешек халық көрсеткішінің тек сандық емес сонымен қатар сапалық деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етуі үшін білім беру жүйесін жандандыру міндетіміз болып табылады десек артық айтпаспыз.

ҚР Конституциясының 27-бабының 1-тармағына сәйкес «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады». [4] Сонымен қатар Ата Заңымыздың 30-бабының 1- тармағына сай «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті»- деп көрсетілген. Осыған сай жоғарыдағы балаларға кепілдік берілген конституциялық құқықтық нормаларды жүйелеу, олардың мән-мағынасын талдау және тәжірибеде орындалу жай-күйіне шолу жасап өзге де нормативтік құқықтық актілер базасының сапасы мен оның орындалу әдіс-тәсілдеріне талдау жасаймыз.

Мен еліміздегі бала құқығына, оның ішінде оның білім алуына қатысты нормативтік актілерге шолу жасадым, және де соңғы 10 жылда білім беру саласына теріс әсерін берген келеңсіз жағдайларға көз жүгірттім.

Біріншіден, білім беру саласындағы жемқорлық мәселесі. 2022 жылғы БҰҰ-ның Даму бағдарламасының Әлем елдеріндегі білім деңгейінің индексі Зерттеуіне сәйкес Қазақстан 191 елдің 36-орнына орныкса⁵, Дүниежүзілік Банктің «World Development Indicators» дерекқорының білім беру шығындарының деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингісіне сәйкес еліміз жалпы ішкі өнімнің (әрі қарай-ЖІӨ) тек-14,1%-ын білім саласына жұмсап, 183 елдің ішінде 87 орынды иеленген еді. [5] Сол ЖІӨ-нің 14,1% болып «жұмсалған» қаражат, расымен өз функциясын атқарды ма?

Тәуелсіздік алғалы бері 32 жыл ішінде аталған бала құқығын орындау мақсатында көптеген іс-шаралар жасалды, оның ішінде ерекше атап өтетіні 2007 жылғы 28 ақпандағы тұңғыш Президенттің Қазақстан халқына жолдауында жарияланып, бастауын алған «100 мектеп, 100 аурухана» жобасы болды. Бағдарлама бойынша әр өңірлерде жаңа мектеп құрылыстарын ашып, тек қана балаларға білім беру құқығын қамтамасыз етіп қана қоймай, біршама азаматтарды жұмыспен қамтамасыз еткен болатын. Алайда жобаны орындау барысында qazaquni.kz сайтының 2014 жылғы жарияланымындағы ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігінің ресми ақпараты бойынша 1,5 млрд теңге жымқырылып, 35 қылмыстық істердің қозғалуына әкелген. [6] Елімізде білім саласындағы жымқырулар әдетке айналғандай, 2023 жылы бір ғана Түркістан облысында 17 қатысушысы бар 2,6 млрд теңгеге жуық жымқыру туралы қылмыстық іс қозғалғаны мәлім болды. [7] Балалардың орта білім алу құқығын қамтамасыз ететін мемлекеттік орталық орган ол ҚР Үкіметіне қарасты ҚР Оқу-ағарту министрлігі болып табылады. 2024 жылға бекітілген министрліктің бюджеті ресми деректерге сәйкес 1,6 трлн теңге қаражатын құрайды. [8] Аталған қаражат жоспарға сәйкес жететін орнына жетуін қадағалау арнайы органдармен қатар азаматтық қоғамның өкілі болып табылатын біз бен сіздің мойнымызда, қоғамдық кеңестердің бақылауында болуы тиіс.

Аталған әрекеттер ҚР ҚК-нің «Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» бойынша 189-бабының 3 бөлігінің, 2) тармағында көзделген санкцияға сәйкес жазаланады. Аталған жаза мөлшері 2023 жылғы енген өзгерістерге сәйкес ауырлатылған болатын, алайда ол қылмысты жасаудың алдын-алуына әсері аз болып тұр. Prosud.kz құқықтық интернет ресурсы болып табылатын телеграмм каналының 13 ақпан 2024 жылғы ақпаратына сүйенсек жемқорлықпен күрес комитеті 2023 жылы білім беру саласында 192 қылмыстық іс тіркеген, олардың мемлекетке келтірген шығыны 13 млрд теңгені құраған. [9] Бәлкім білім беру және денсаулық

саласындағы жымқырулар үшін ҚК-тің бабына бөлек бөлік пен тармақ енгізілгені дұрыс шығар, себебі бүгін жымқырылған қаражаттың кесірі 10-15 жылдан кейін байқалады емес пе?

Екіншіден, ата-аналардың балаларға қатысты міндетін түрлі себептерге байланысты орындамауы. Барлық адам дүниеге он екі мүшесі сау болып келе бермейді, тіпті оның басты себебі ол ата-ананың генетикасы не болмаса, жаман әдетпен өмір сүрген өмір салты болуы мүмкін. НЖОК-нің 70-бабына сәйкес «ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті. Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады». Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқығын толыққанды қамтамасыз ету қажеттілігі туындауда. ҚР-дағы бала құқығы туралы Заңның 31-бабының 1,2 – тармақтарына сәйкес «мүгедектігі бар баланың өз қадір-қасиетін қамтамасыз ететін, қоғам өміріне белсене араласуына ықпал ететін жағдайдағы толыққанды өмірге дені сау балалармен бірдей құқықтары бар». Халықаралық деңгейде де аталған балалардың құқықтары арнайы білім беру мектептерінде толыққанды қамтамасыз етіледі деп айта алмаймыз. Мысалы, көпшілікке аян Оңтүстік Корея еліндегі 2000 жылғы нашар еститін балаларға арналған Кванджу Инхва мектебі директоры мен тәрбиешілернің балаларды зорлау фактісі бойынша 2005 жылғы қылмыстық іс бойынша жеңіл жаза түрі тағайындалып, әділетсіздіктің заңның әлсіздігінен орын алуы туралы 2009 жылы роман жазылып, 2011 жылы атақты режиссер Хван Дон Хек «Қатал сынақ» атты кинофильм түсіргеннен кейін ғана, «Тогани Заңы» қабылданып, мүгедек балалардың жеке басына қатысты қылмыстарда ескіру мерзімінің алынуы, 13 жасқа дейінгі мүгедек балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың жаза мөлшері өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына дейін ұзартылып, мүгедек балалар сот және тергеуде өзіне қатысты жауап беру, дәлелдеуден босатылған болатын[10]. 2019 жылы еліміздің шығысындағы Аягөз қаласында орын алған балалар интернатындағы ұқсас оқиға орын алды. Сол кездегі балалар омбудсмені А. Саин істі жан-жақты қарауын талап еткенімен тәрбиеші мен 5 тәрбиеленушілер интернаттағы балаларды зорлау фактілері туралы ақпараттың бірнеше балалар өлімі бар болса да БАҚ-ның дереккөзіне сәйкес іс 2020 жылы қылмыстың құрамы болмауына байланысты қысқартылған. [11] Жоғарыдағы жағдай бір сұрақты тудырады. Неліктен мемлекет ерекше балалармен жұмыс жасайтын тұлғалардан жұмысқа орналасу алдында мемлекеттік қызметшілер сияқты психологиялық тесттің нәтижесін талап етпейді. Ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алу құқығы бар болғанымен олардың іске асырылуы көңіл көншітеді деп айта алмаймыз, ол құқықты қамтамасыз ету үшін орта білім беретін мектептер ішінен инклюзивті білім беру сыныптары ашылған. Аталған бағыт бойынша соңғы 5 жылдықта көптеген іс-шаралар жасалуда.

Үшіншіден білім беру ордасы қабырғаларындағы балалар арасындағы буллинг мәселесін заңды тұрғыдан шешімін таппаған. ҚР әлем бойынша балалар суицидінен алдыңғы қатарда. ҚазГЗУ-нің профессоры М. Хасановтың 2023 жылғы *tengriews* БАҚ-на берген сұхбатында «елімізде жылына 172 бала өзін-өзі өлтірсе, 350 ге жуық бала өзін-өзі өлтіруге әрекет жасайтын көрінеді». [12] ҚР ӘҚбтК-нің 129-бабына, ҚР ҚК-нің 140-бабына сәйкес буллинг жасаған баланың ата-анасы жазаланады. Алайда аталған әрекет мектеп қабырғасында орын алатындықтан және де оны болдырмау үшін мектеп басшылығы, педагог, психологтардың тарапынан алдын-алу мақсатында әр-түрлі іс-шаралар өткізілуі тиіс. Аталған әрекетті тоқтату үшін әрекет криминализацияланып, жауаптылық 14 жастан бастап орнайтындай етіп ҚК-ке арнайы бап болып енгізілуі қажет деп санаймын. Тек қана суицид емес, сонымен қатар буллинг балалардың психологиялық әр-түрлі дертке (апатия, депрессия сынды) шалдығуына да себеп болуы әбден мүмкін.

Қортындылай келе, аталған салада азды-көпті өзгертулер орын алып, жүйе біртіндеп қалыптасуда. Әл-Фарабидің «тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы»¹³ деген сөзін басшылыққа алып, білім беру ордалары тек сапалы маман ғана емес, «адамды» оқытып, тәрбиелеп жатқанын есте тұтса, көптеген мәселелер заң, нормативтік құқықтық актісіз ақ шешілуі әбден мүмкін-деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Чокан Валиханов. Собрание сочинении в 5 томах. Издательство: Главная редакция казахской советской энциклопедии.
2. <https://bala.stat.gov.kz/chislennost-detej-po-polu-i-vozrastu/>
3. <https://www.inform.kz/ru/>
4. <https://adiilet.zan.kz/kaz/>
5. <https://gtmarket.ru/ratings/education-index>
6. <https://qazaquni.kz/news/26187-100-mektep-100-auruhana-memlekettik-ba-da>
7. <https://24.kz/ru/news/social/item/629125-mnogomilliardnye-khishcheniya-v-sfere-obrazovaniya-vyyavili-v-turkestanskoj-oblasti>